

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының 2006 жылғы 8 ақпандағы N 16-6/11п Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4099. Күші жойылды -Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 575 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды -ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010.09.07 № 575 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 102 қаулысымен бекітілген Балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережесі және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының 18 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтау ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 16-6/64-п "Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтау ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3874 болып тіркелген, 2005 ж. 22 қарашадағы N 152 (776) "Заң газетінде" ж а р и я л а н ғ а н) б ұ й р ы ғ ы ;

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 16-6/64п "Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтаудың ережелерін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 16-6/100п бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 12 желтоқсанда N 3970 болып тіркелген, 2005 ж. 27 желтоқсан N 178 (802) "Заң газетінде" жарияланған).

3. Осы бұйрық алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

Балық шаруашылығы комитеті төрағасының

2006 жылғы 8 ақпандағы

№ 16 - 6 / 11 п бұйрығымен

бекітілген

Балық ресурстары және басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтаудың ережелері (бұдан әрі - Ережелер) халықаралық, республикалық, жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру бойынша конкурс жеңімпазын анықтау үшін балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланушының (бұдан әрі - Пайдаланушы) рейтингтік бағасын есептеуге қажет іс-әрекеттердің тізбектілік тәртібін және механизмін белгілейді.

2. Рейтингтік бағаны анықтау

2. Пайдаланушының рейтингтік бағасы Рейтингтік бағаны санау парағына (осы Ережеге қосымша) сәйкес пайдаланушыға қойылатын біліктілік және басқа да талаптар тұрғысынан анықталады.

3. Рейтингтік бағаны санау парағын толтырғанда келесі жағдайларды орындауын қамтамасыз ету қажет:

1) 100 пайызға тең етіп алынатын бағалау көрсеткіші біліктілік және басқа да пайыздық маңыздылығы бар көрсеткіштерге бөлінеді (3 баған);

2) алынып тасталды ;

3) пайдаланушылардың көрсеткіштерінің саны ұсынылған өтінім мен осы мәліметтердің растығын дәлелдейтін құжаттарға сәйкес белгіленеді (4 баған);

4) конкурстық комиссия бағаны 10 баллдық жүйе бойынша белгілейді (5-баған). Мұндайда ең көп/ең жақсы көрсеткіштері бар конкурсқа қатысушыға тиісті тармақ бойынша ең жоғарғы балл қойылады;

5) пайдаланушының рейтингтік бағасы (R) максималдық бағалау көрсеткішін (3 баған) 10-баллдық жүйе бағасына (5 баған) көбейтіп, оны 100-ге бөлу арқылы анықталады;

$$R = (3 \text{ баған} \times 5 \text{ баған} : 100).$$

Осы рейтингтік баға сондай-ақ пайдаланушыларға балық пен басқа да су жануарларын аулауға квоталарды бөлу кезінде қолданылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының 2006 жылғы 27 ақпандағы N 16-6/23п бұйрығымен .

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланушының рейтингтік бағасын анықтаудың ережелеріне

қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының 2006 жылғы 27 ақпандағы N 16-6/23п бұйрығымен .

Рейтингтік бағаны санау парағы

Пайдаланушы

р/с N	Көрсеткіштің атауы	Бағалау көрсеткіші	Көрсеткіштер саны	10-және 5-баллдық жүйе бойынша баға	Пайдаланушының рейтингтік коэффициенті
1	2	3	4	5	6
1.	Балық өсімін молайту мен қорғау іс-шараларына жұмсалған қаржы мөлшері, (қорықшылық қызметті құру және ұстауына жаратылған қаражаттан басқа) мың.тнг.	10			
2.	Балық өнімін мұздату, салқындату және сақтау ыдыстарының болуы, тн.	10			
3.	Балық пен басқа да су жануарларын терең өндеу цехтарының болуы, тн/тәулік	10			
4.	Балық аулайтын флоттың болуы, соның ішінде:	5			

	1) өздігінен жүретін (стационарлық двигателі бар), 40 а.к. және одан жоғары (бірл.)	4			
	2) шағын көлемді, соның ішінде өздігінен жүрмейтін, аспалы двигателі бар (бірл.)	1			
5	Аулау құралдарының болуы, соның ішінде:	5			
	1) сүзекі (дана)	4			
	2) құрма ау, қабада (дана)	1			
6	Көліктік флоттың болуы, бірл/тн	5			
7	Балық пен басқа да су жануарларын аулауға бөлінген квотаның игерілуі, %	5			
	1) 100%	5			
	2) 75%-дан 100%-ға дейін	1			
	3) 75%-дан төмен	0			
8	Аталған су тоғанының (учаскесінің) пайдаланушыға бекітіп беру фактісінің болуы, соның ішінде:	10			
	1) 1 жылдан аса	10			
	2) келесі жылға	5			
	3) бекітілген жоқ	0			
9	Табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтардың саны; дана ең жоғарғы ең көп	5			
10*	Балық өнімдерін экспорттауға арналған есептік нөмірінің болуы (ХАССП, ИСО 9000)	5			
11**	Жануарлар дүниесінің жағдайын бағалау бойынша ғылыми жұмыстарға бөлінген жоспарланған қаржы көлемі (мың тг. есебімен)	10			
	Дамыту жоспарына сәйкес техникалық және технологиялық				

12**	қайта жарақтандыруға жоспарланған қаржы көлемі, минимальды көлемі 100 мың т. болған кезде (мың т-мен)	1 0			
13**	Балық өсімін молайтуға жоспарланған қаржы көлемі, соның ішінде шабақтарды жіберу минимальды көлемі 100 мың т. болған кезде (мың т-мен)	1 0			
	Барлығы:	100			

* балық өнімдерін экспорттаушылар үшін

** қаржы бүкіл бекітіп беру кезеңіне жоспарланады.